

**Адамдардың  
қажетіне  
жарасам**



**Жүректе жалғыз өзіңсің**  
**(Нәдияма)**

*Ойласаң өмір оңай ма,  
Дауылды нөсер ұрмай ма,  
Қаңтарда қысқан аяздай  
Көріспей кету оңай ма.*

*Алайда онда болмай ма,  
Күншуақ таңғы арай да.  
Жанұяң жылып сенімен  
Жүрекке жылу толмай ма.*

*Оңай ма, дүние, оңай ма,  
Дауылы соқса мұңайма.  
Махаббат болса мәңгілік  
Жеңеміз бәрін, соны ойла.*

*Соны ойла да мұңайма  
Дүние-жалған солай да.  
Шыдармыз аптап, аязға  
Болсақ бірге ондайда.*

*Болсаң әркез қасымда  
Бақытым болар басымда.  
Арманымсың, аңсарым  
Мәңгі сені аңсадым.*

*Барымсың асыл өмірде  
Қуаныш нұрлы көңілде.  
Антым деп біл бұл сөзді-  
Тағдырым менің өзіңде.*

*Өмірде асыл барымсың,  
Тағдыр қосқан жарымсың.  
Жүректе жалғыз өзіңсің,  
Жалыны оттай сезімсің.*

*Өзіңмен бірге арманым,  
Бірге өзіңмен бар жаным,  
Бірге өзіңмен.*